

**"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 86 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 5 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 26, 273-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережеде:

15-тармақтың 4) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына бағалау жүргізу қағидаларын;"

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органмен бірлесіп, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимыл жасау қағидаларын;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, экономикалық және қаржылық қылмыстарды тергеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп, сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша бақылау материалдарын беру қағидаларын;"

19-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Есеп комитеті мүшелерінің қызметін бағалау әдістемесін бекітеді;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК